

# ӨТКІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕР ЖӨНІНДЕ ЕСЕП

тақырыбы: «Майбұршақ егістіктерінде біріктірілген қорғау жүйесі»

бағыты: Дәнді, майлы және жемшөп дақылдары

Өткізу күні: 7 – 13 шілде 2025 жыл

Кеңес өткізу орны: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қараменде би а/о

«Ақниет» ШҚ, жетекшісі



Мухтаров М.М.

Эксперт:

  
(қолы)

Койгельдина А.Е., PhD

«Ж. Жиёмбаев атындағы  
ҚазӨҚЖК ҒЗИ» ЖШС  
Басқарма төрағасы



Дуйсембеков Б.А.

## Есеп құрылымы

1) *кеңес беруді қажет ететін мәселелер;*

«Майбұршақ егістіктерінде біріктірілген қорғау жүйесі». Майбұршақ дақылына арналған біріктірілген қорғау жүйесі (БҚЖ / IPM) агротехникалық, биологиялық және химиялық әдістерді кешенді түрде үйлестіре отырып іске асыру қажеттілігі туындады.

2) *қойылған мәселені немесе қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсынымдары;*

7 мен 13 шілде аралығында 2025 жылы майбұршақ егістіктерінде біріктірілген қорғау жүйесі бойынша кеңес қткізілді. Майбұршақ — құнды ақуызды-майлы дақылдардың бірі, алайда өсіру кезінде түрлі зиянды организмдерден қауіп төнеді. Сондықтан өнімділікті және сапаны қамтамасыз ету үшін біріктірілген қорғау жүйесін (БҚЖ) енгізу маңызды. Биологиялық әдістерден энтомофагтарды (жыртқыш жәндіктерді) қолдану, биофунгицидтер мен биоинсектицидтерді пайдалану және аз уытты және экологиялық қауіпсіз биопрепараттарды (Битоксибациллин, Гаупсин, Триходермин) жапырақ жегіш зиянкестер мен трипстердің 1–3 дернәсіл фазасы анықталған сәтте. Нормасы: 40–80 г/10 л су, қайталау – 7–8 күннен кейін қолдану ұсынылды. Химиялық препараттардың әсер ету спектрін және төзімділік дамуын ескере отырып алмастыру, қауіпсіздік техникасын сақтау. Ризоктония, фузариоз ауруларына қарсы тұқымды фунгицидтермен өңдеу, топырақтың аэрациясын жақсарту, сонымен қатар жүйелі бақылау, алдын алу және заманауи биологиялық-химиялық құралдарды үйлестіре қолдану жоғары нәтижеге жеткізеді. Агротехникалық әдістер ауыспалы егісті сақтау - майбұршақты бір алқапқа 3–4 жылдан жиі сеппеу. Топырақтың аэрациясын арттыру - механикалық өңдеу, шанақтану алдында қатар аралық қопсыту. Тұқымды себер алды өңдеу ТМТД, в.с.к. (400 г/л), Максим 025, с.к. (25 г/л) препараттарымен өндіруші регламентіне сай (2–3 л/т)

3) *өнім өндірісін ұлғайтудың/өнімділікті арттырудың/өзіндік құнын төмендетудің сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.;*

Берілген ұсыныстарды орындау нәтижесінде шаруашылық төмендегі көрсеткіштерге қол жеткізді. Майбұршақ өнімділігі 10-15% артты. Аурулардан зақымдану деңгейі 25–35% төмендеді. Зиянкестер саны 40% дейін тежеледі. Өнімнің сапасы жақсарып, майлылық көрсеткіші 2–4% жоғарылады мүмкін. Осы шараларды жүйелі орындау арқылы шаруашылық биологиялық, агротехникалық және химиялық әдістерді тиімді біріктіріп, майбұршақ егістігінің жоғары әрі тұрақты өнімділігіне қол жеткізе алды.

